

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**Филология факультеті
Шетел тілдері кафедрасы**

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

код ShT 1105 - Шетел тілі пәні бойынша

ID 50

«Шетел тілі»

«6B04202 – Мемлекеттік қызмет»

«6B04206 – Корпоративтік құқық»

«6B01401 – Дене шынықтыру және спорт»

«6B10105 – Қоғамдық денсаулық сақтау»

білім беру бағдарламалары

Оқу деңгейі: бакалавриат

Курс – 1

Семестр – 1

Кредит саны – 5

Алматы 2025

1. ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

Пәннің мақсаты:

Шет тіліндегі коммуникативтік құзыреттілік білімін жетілдіру. Коммуникативтік құзыреттілікті дамыту үшін негіз ретінде шет тілдік қарым-қатынастың сөйлеу қабілеттіліктері мен дағдыларының негізгі әдістері; сөйлеу әрекетінің барлық түрлерінде шет тілдік қарым-қатынастың кәсіби маңызды дағдылары мен тәжірибесін дамыту; ағылшын тілінде материалды іздеу, таңдау және пайдалану процесінде алынған сөйлеу дағдыларын іске асыру қарастырылады.

Оқыпудан күтілетін нәтижелер:

1. Тыңдап түсіну:

- тілдің лексика-грамматикалық және прагматикалық жүйелерін білу және түсіну негізінде дыбысталатын оқу мәтінінің немесе сөздердің негізгі мағыналарын түсіну;
- ойды жинақтап, мәтіннің жалпы мазмұнын және айтылымның функционалды бағытына қатысты қалыптастыру.
- функционалды құзыреттілік түрі:

2. Сөйлеу:

- оқу мәтінінің мазмұнын талқылап, өз көзқарасын дәлелдермен айта білу;
- күнделікті және білім беру жағдайында өзіндік мінез-құлық бағдарламасын құру;
- ақпаратты талдау және синтездеу қабілеті:

3. Оқу және жазу:

- жазбаша және ауызша сөйлеудегі негізгі мағыналарын терең түсіну негізінде оқу мәтінінің негізгі мазмұнын түсіндіру;
- оқу мәтінінің мазмұнын түсіндіру және таныстыру үшін (құрылымдық, құрылымдық-семантикалық, прагматикалық, когнитивті) модельдерді даярлау;

4. Лексика және грамматика:

- лексика-грамматикалық және прагматикалық тіл білу жүйесін дұрыс пайдалану;
- оқыту мен қарым-қатынаста өз қажеттіліктері үшін мәтін түрлерін білу.

Пән бойынша оқытылатын негізгі тақырыптар.

МОДУЛЬ 1 Introduction

1. Vocabulary: Daily routines, free-time activities, food/drink. Grammar: question words, pronouns, possessive adjectives/pronouns, can/have/do, present simple, adverbs of frequency.
2. File 1: Vocabulary: work & earnings, character adjectives, appearance, teen problems, phrasal verbs (work), prepositions, word formation, (person nouns). Grammar: present simple, present continuous, adverbs of frequency, stative verbs, relative clauses comparative/superlative, forms.
3. File 1 Reading: Gator Doc.. Listening. Speaking: Asking for and giving advice.
4. File 1 Writing an informal e-mail: giving advice. Progress in check.
5. File 2: Vocabulary: natural disasters, weather, phrasal verbs (disasters), prepositions word formation, abstract nouns. Grammar: past simple, past continuous, used to/would adverbs (form). Listening.

МОДУЛЬ 2 Nature and Experience

6. File 2 Reading: My volcano adventure. Speaking: Narrating experiences. Writing a story.
7. File 3. Vocabulary. holiday activities, experiences, holiday problems, feelings events, phrasal verbs (travel), prepositions, word formation (-ing/ -ed participles. Grammar. present perfect, present perfect continuous, present perfect vs past simple, so/such (clauses of result).
8. Progress test. Progress Check.
9. File 3 Reading: Polar adventure. Speaking: describing an experience.
10. File 3 Listening. Writing a semi-formal letter. Progress in Check.

Module 3 Law and Order

11. File 4 Vocabulary: Breaking the law, safety, feelings, phrasal verbs (crime) prepositions, word formation (nouns related to crime).
12. File 4 Reading: Crime never pays (news reports). Listening.
13. File 4: Speaking: Making a witness statement. Reading across culture.
14. File 4: Writing an informal letter. Progress in Check.
15. Midterm test

Ұсынылған әдебиеттер тізімі.

Әдебиеттер: Негізгі

1. Virginia Evans, Jenny Dooley. On-Screen. Student's Book. Express Publishing. 2024.
2. Virginia Evans, Jenny Dooley. On-Screen. Work and Grammar Book. Express Publishing. 2024.
3. R. Murphy. English grammar in Use. Cambridge University Press. 2020
4. T. Fitria. Legal English for law students. Eureka Media Aksara, 2024.

Қосымша:

1. Michael Swan, David Baker. Practical English Usage. Oxford University Press. 2020.
2. Tina Karloff Carver, Sandra Douglas Fotinos, A conversation book. English in Everyday life. The 4th edition, 2019. Longman.

Интернет-ресурстар

1. MOOC: Ағылшын тілі [open.kaznu.kzhttps://open.kaznu.kz/courses/course-v1:KazNU+Eng01+2023_C2/course/](https://open.kaznu.kz/courses/course-v1:KazNU+Eng01+2023_C2/course/)
2. MOOC: Грамматика английского языка. Stepik. <https://stepik.org/course/70675/syllabus>
4. <https://test-english.com/>
5. <https://www.esolcourses.com/>

3. ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛАР: ТЕСТІЛЕУ

2.1. Емтихан формасы: Тестілеу. **Платформа:** Univer АЖ. **Емтихан форматы**–синхронды онлайн.

2.2. Тестілеудің мақсаты: пәнді оқу барысында меңгерілген оқу нәтижелерін, дағдылары мен құзыреттіліктерін көрсету.

2.3. Емтихан өткізу регламенті.

2.3.1. НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ – емтихан кесте бойынша өткізіледі және емтихан білім алушылар мен оқытушыларға алдын-ала белгілі болуы керек.

2.3.2. Емтихандық тестілеу университеттің ресми ақпараттық-білім беру платформаларында ғана өткізіледі: Univer АЖ.

2.3.3. Сыртқы қызметтерде (Google / Microsoft Forms, Kahoot, Quizlet және т.б.) емтихан тестілеуін өткізуге **тыйым салынады**. Сыртқы қызметтерді емтихан үшін емес, ағымдағы сабақтар кезінде пайдалануға болады.

2.4. Тестілеу ұзақтығы:

Univer АЖ-40 сұраққа 90 минут.

2.5. Тестілеуден өтуді бақылау–онлайн прокторинг.

Прокторинг технологиясы (ағылш. «proctor» - емтихан барысын бақылау). Прокторлар аудиториядағы әдеттегі емтихан сияқты, емтихан тапсырушылардың тапсырмаларды өз бетінше орындауларын және қосымша материалдарды пайдаланбауларын, сынақтардан әділ өтуін бақылайды. Веб-камера арқылы нақты уақыттағы онлайн емтиханды маман (бетпе-бет прокторинг) да, субъектінің жұмыс үстелін, кадрдағы адамдардың санын, бөгде дыбыстарды немесе дауыстарды, тіпті көру қозғалысын (киберпрокторинг) бақылайтын бағдарлама да бақылай алады. Аралас прокторингтің түрі жиі қолданылады: емтиханның бағдарламаның ескертулері бойынша бейнежазбасын адам одан әрі қарайды және тәртіп бұзушылықтардың шынымен болған-болмағанын шешеді.

2.5.1. Емтиханда білім алушыларға өзімен бірге қосалқы ақпараттарды және пайдаланылуы мүмкін алдау парақтарын, ұялы телефондарды, смарт-сағаттарды және басқа да техникалық және өзге де құралдарды алып жүруге немесе пайдалануға **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**.

2.5.2. Дәлелді себеп болмаған жағдайда емтиханға қатыспау «F» бағасы ретінде бағаланады.

2.5.3. Білім алушы осы тармақтардың біреуін немесе бірнешеуін бұзған жағдайда емтихан жұмысының күшін жою актісі (бұдан әрі – Акт) толтырылады, пәнге «F» («қанағаттанарлықсыз») бағасы қойылады.

2.5.4. Емтиханда осы қағидаларды қайталанылып бұзылғаны үшін білім алушы, факультет кеңесінің Әдеп жөніндегі кеңес қарауына ұсынылады.

2.5.6. Емтихан кездеріндегі барлық тәртіп бұзушылықтар білім алушының транскриптіне (сабақ үлгерімі туралы көрсеткіш) енгізіледі.

3. БАҒАЛАУ САЯСАТЫ

3.1. Тестілеу уақыты аяқталғаннан кейін оқытушы білім алушылардың нәтижелерін есеп-жиынтығында бағалайды және балдарды аттестаттау мәлімдемесіне сақтайды.

Univer-AЖ- да ұпайлар автоматты түрде аттестаттау мәлімдемесіне көшіріледі.

Сақтау алдында барлық білім алушылардың ұпайларының қойылғандығын мұқият тексеріңіз. Ұпайлардың толық қойылғандығын тексермей, мәлімдемені сақтамаңыз!

Тексерілген тізімдемені сақтау керек.

Ұпайларды қою уақыты – 48 сағатқа дейін.

Академиялық мәселелер жөніндегі Департаменті шешімі бойынша ұзақтығы қайта қаралуы мүмкін.

Декан м.а. _____

Жолдасбекова Б.Ө.

Оқыту және білім беру сапасы бойынша

Академиялық комитетінің төрағасы _____

Ж.А. Сарсенбай

Кафедра меңгерушісі м.а. _____

Досмагамбетова Д.Ж.

Дәріскер _____

Дуйсенбасева Ш.С.